

28.01.2026

Мектеп асханасын және тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілген оқушылардың тамақтануын
тексеру және бақылау

Комиссия мүшелерінің қатысуымен асхана жұмысын тексере отырып, мына төмендегі жұмыстарды тексеріп, бақылады. Асхананың жалпы тазалығы, қол жуатын орынның талапқа сай болуы, асханада тиым салынған заттардың сатылымға шықпауы және асхана қызметкерлерінің жай-күйі мен санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуы (арнайы киім формасының болуы, тазалығы т.б.) бақылауда ұсталынады және кемшілік байқалған сәтте ескертулер беріледі. Асханада қол жуатын орында сабын, асхана залында сағат, температура өлшегіш құрал мен тіркеу журналы, ас мәзір бұрышы, ата-аналардың арыз-шағым, ұсыныс жазатын журналдары бар. Сонымен қатар, асхананың ішкі бөлігі саналатын көкөніс сақтау, ет-сүт өнімдерін, су, ұн сақтайтын бөлмелер мен тоназытқыштар түгелдей тексерілді. Аталған азық-түлік өнімдері талапқа сай, сертификаттары бар екендігі анықталды. Асхананың тамақ жасауға арналған плиталар мен ыдыстардың және ыдыс жууға арналған арнайы бөлменің де тазалағы тексерілді. Асханада күнделікті ас мәзірі ілінген, онда тағам атауы көрсетілген. Асхананың эстетикалық көркемделуі қалыпты. Арыз-шағым дәптеріне ешқандай шағымдар келіп түспеген.

1-4 сынып оқушылары Алақан бағдарламасына қосылып, асханаға кірген кезде тіркеліп кіріп жатыр.

Ыстық тамақ ішуге арналған тамақтың нормаға сәйкес келуі, меню және оқушылардың тамаққа келу кестелері де тексерілді. Оқушылар мәзірдегі уақыт бойынша тамақтанып жүр. Ас мәзірі ілінген мәзірмен сәйкес берілді. Яғни бүгінгі күні мәзірде:

1. Тауық кірпілері
2. Қаймақ тұздығы
3. Қарақұмық көкөністермен ұсақталған
4. Алма
5. Денсаулық сусына
6. Қара бидай наны

Бүгінгі күні 1-4 сыныптар бойынша – 142 оқушы, 5-11 сыныптар бойынша – 42 бала тамақтанды. Асханадағы тағамдардың бағалары нақтыланып көрсетілген. Комиссия мүшелері асхана жұмысын өз деңгейінде жүргізіліп жатқандығын тексерді.

1. П.Қабиев-комиссия төрағасы, мектеп директоры
2. Б.Қадырова-комиссия мүшесі, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
3. Т.Мусина-комиссия мүшесі, әлеуметтік педагог
4. С.Мырзағалиева-комиссия мүшесі, мектеп директорының бастауыш сыныптар жөніндегі орынбасары;
5. Г.Утешова-комиссия мүшесі, Қамқоршылық кеңесінің төрайымы;
6. Н.Абенова-комиссия мүшесі, мектеп медбикесі.



28.01.2026

